Разработчики проектов:ТОО «Gals» , г.Актау, 5 мкр, 8 дом, офис 110, тел: 87789166528.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. 8 (7292) 43-10-88; Документация по проекту размещена на сайте ЕЭП https://ecoportal.kz.

*№64*

ТҮБЕК ТАРИХЫ БЕТТЕРІНЕН

# ҚАРАТЕРЕҢГЕ ТАРАС КЕЛГЕН ЖЫЛ

## (Сөз бен сурет)

***Жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды дамытуға айрықша үлес қосқан тұлғалардың бірі – Тарас Григорьевич Шевченко.***



Әсіресе, оның шығармалары біздің халқымызға өте жақсы таныс. Өмірінің біраз бөлігін қазақ жерінде өткізген ол бұл елдің тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрлерін өз шығармашылығына арқау етті. Кобзарь ақын ретінде де, суретші ретінде де жергілікті халықтың ахуалын көркем өнер туындыларында шынайы бейнелеп, руханият тарихында қалдырды.

Қазақ қаламгерлерінің де Шевченкоға деген ықыласы ерекше болды. Әр жылдарда оған арналып бірқатар шығармалар жазылды. Әдебиетіміздің көрнекті өкілдері Сәбит Мұқанов, Қасым Аманжолов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Асқар Тоқмағамбетов, Дихан Әбілев, Сапарғали Бегалин, Қалижан Бекқожин, Ғафу Қайырбеков, Сырбай Мәуленов, Шәміл Мұхамеджанов, Ізтай Мәмбетов, Жұмекен Нәжімеденов, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Қайрат Жұмағалиев, Сәкен Иманасов, Құланбай Көпішев, Тілеген Шопашев, Еркеш Ибраһим, Әубәкір Нілібаев, Дәуітәлі Стамбеков, Асқар Егеубаев және басқа ақын-жазушылар Шевченконың әдеби шығармаларын өз тілімізге аударды.

Кобзарьдың өмірбаянында елеулі орын алатын және ең көп аталатын елді мекеннің бірі – Қосарал. Сырдарияның теңізге құяр жеріне жақын орналасқан Қосаралды мекен еткен ақын өзінің өлеңдері мен суреттері арқылы Аралдың бүкіл болмысын көрсете алған. Бір кезде Қосарал тұрған аймақта қазір Қаратерең елді мекені орналасқан. Осы Қаратереңдегі орта мектеп ұзақ жылдар бойы Т.Г.Шевченконың атымен аталды. ХХ ғасырдың орта шенінде бұл жерде Шевченко атындағы балық колхозы болды. Сондықтан бұл ауылдың тұрғындары Кобзарьдың өмірбаяны мен шығармашылығы жөнінде жақсы хабардар. Оның үстіне ауыл шетінде «Тарас Шевченко 1848-1849 жылдарда Қосаралда болған кезінде отырғызған ағаш» деген жазуы бар тақтайша ілінген жиде ағашының өсіп тұруы елдің ақынға деген айрықша құрметінің белгісіндей еді. Өз басым осы ауылда туып-өсіп, сол мектепте оқығандықтан, мұғалімдердің осы жиде ағашына оқушыларды ертіп апарып, арнайы шаралар өткізгеніне бірнеше рет куә болдым.

Т.Г.Шевченко өмірін зерттеушілер оның А.И.Бутаков экспедициясы құрамында болған кездегі салған суреттерін хронологиялық тұрғыдан топтап, бес кезеңге бөледі. Соның үшінші кезеңі «Қосаралды қыстап шығу» («Зимовка на Кос-Арале») деп аталады. Бұл мезгілдегі туындылар 6.Х.1848 ж. – 6.V.1849 ж. (№32-43 суреттер және №173-177 суреттер) аралығын қамтиды.

Әйгілі ақынның қарындашпен салған «Қосарал бекінісі алдындағы шхуналар» («Шхуны возле укрепления Кос-Арал»), «Қосаралдағы бағдар белгісі» («Маяк на Кос-Арале»), «Қосарал бекінісі және бастың кескіндемелері» («Укрепление Кос-Арал и наброски голов»), «Барсакелмес аралы» («Остров Барса-Кельмес») акварельмен бейнелеген «Қосаралдағы айлы түн» («Лунная ночь на Кос-Арале»), «Қосаралдағы қазақ бекеті» («Казахская стоянка на Кос-Арале»), «Аралдың тік жар жағалауы» («Крутой берег Аральского моря», «Арал теңізінің жағасында» («На берегу Аральского моря», «Көкарал аралы» («Остров Куг-Арал»), сепия тәсілін қолданған «Қосарал бекінісінің қысқы кейпі» («Укрепление Кос-Арал зимой») (екі сурет), «А.Бутаков пен А.Истоминнің Қосаралды қыстап жатқан кезі» («А.Бутаков и А.Истомин во время зимовки на Кос-Арале»), тағы басқа суреттері бір кезде оның өзі тұрақтаған елді мекеннің табиғатын, адамдарын, ауыл айналасындағы өзен-көлдердің көріністерін шынайы бедерлегенімен құнды.

Арал даласының бұдан бір жарым ғасыр бұрынғы бейнесі мен бүгінгі кейпінің арасында ұқсастық пен сабақтастық бар екенін анық аңғарасың. Бұл ұқсастық тек көркем пейзаждардан ғана байқалмайды, суретші кейіпкерлерінің сыртқы сипатынан, мінез-құлқынан да сезіледі. Әсіресе, «Қосаралдағы айлы түн» картинасындағы көкжиектен көрінген толған ай, оның сәулесі түсіп, жарқырап жатқан көл, су бетінде түнгі желмен тербелген қамыс пен қоға, жағалауға жақын келіп дамылдап тұрған шхуналар ғаламат әсерге бөлейді. Жоғарғы жағы түйіліп, етек тұсы қазбауырланып, тұтаса түскен қою бұлттар аппақ айдың төбесінен төніп тұр. Айдың өзі бетін бүркемелеуге тырысқан бұлт арасынан сығалап, көл бетін айнадай жалтыратып, алыс көкжиекте деңгелеп барады. Мұның бәрі бір кездегі Арал мен қазіргі Аралдың бәрібір кіндігі бір екенін, Аралды қоршаған табиғат пен оның төбесіндегі аспанның қанша уақыт өтсе де өзгере қоймайтынын сол өлкенің перзенттерінің есіне салады. Уақыт бедерінде Қосаралдың адамдары ғана өзгергені баршаға түсінікті. Әйтседе, олардың Шевченко сипаттаған болмыс-бітімі, мінез-құлқы біздің заманымызға дейін жеткен. Мұның өзі бүгінде өзіндік менталитеті қалыптасқан ұрпақтың баяғы бабаларына тартқанын даусыз айғақтайды.

Бір кезде Арал маңындағы қалың қамыстың арасында жортқан жолбарыс та Шевченконың қыл қаламына ілінген. Ол түз тағысының өзін де, оның ту сыртына түскен көлеңкесін де мейлінше айбатты етіп кейіптеген. «А.Бутаков пен А.Истоминнің Қосаралды қыстап жатқан кезі» деген суретте саяхатшылардың өздері атып алған жолбарыстың бас сүйегін үйдің жоғарғы жағына іліп қойғаны көрсетілген.

1848-1849 жылдарда Арал аймағын зерттейтін экспедицияға басшылық еткен А.И.Бутаковтың есімі Т.Г.Шевченконың кейбір шығармаларында (күнделіктері мен естеліктерінде) аталып отырады. Зерттеушілердің мәліметінше, ол Кобзарьмен жақсы қарым-қатынаста болған. Экспедициядан соң он жылдай уақыт өткен кезеңде, 1858 жылғы 10 наурыз күні ақын күнделігінде былай деп жазады: «Владимирдегі пошта стансасында мен Александр Иванович Бутаковты жолықтырдым. Бұл кісінің басшылығымен 1848-49 жылдарда Арал теңізінде екі жаз бойы жүзгеніміз бар. Содан бері оны көрген жоқ едім. Енді міне әйелімен бірге Орынбор жаққа кетіп барады, әрі қарай Сырдария жағалауына аттанбақ. Мен ол жақты еске алсам, тұла бойым мұздап кетеді. Ал ол болса, сол жерде мәңгі қоныстанып қалуға бар».

Ақын көрген қиындығын еске алып, көңілі түссе де, Алексей Бутаковтың Аралға деген ынтазарлығын ерекше атап көрсетеді. Шынында да, бүгінгі Арал туралы зерттеулерде А.Бутаковтың материалдары әлі күнге дейін кеңінен қолданылатыны рас. Оның үстіне қазіргідей Аралдың әлем картасындағы бет-бейнесі өзгеріп

> **Т.Г.Шевченконың Қосаралдағы өмірін зерттеумен Арал қаласындағы №14 орта мектептің мұғалімі Л.Сапожникова, №199 орта мектептің мұғалімі Ж.Ділмағамбетов айналысты. Әсіресе, №14 орта мектептің өлкетану музейінің жетекшісі болған Людмила Сапожникованың еңбегі ұшан-теңіз.**
>
> **Кеңестік дәуірде украиналық қаламгерлер қосаралдықтармен тұрақты байланыс орнатты. 1960 жылдарда «Вечерний Киев» газетінің тілшісі Петр Шклярук Қаратерең (бұрынғы Қосарал) орта мектебіне хат жазып, мәлімет алмасып тұрды. Ал Шевченко өмірін зерттеген украиналық жазушы Анатолий Костенко 1983 жылы Аралға арнайы келіп, Қосаралдағы Тарас еккен жиде ағашын көріп қайтты.**

кеткен кезеңде ескі мәліметтерді нақтылау үшін сол экспедицияның деректеріне үнемі назар аударылады. Бутаков жазбалары көптеген елді мекендердің, теңіз төсіндегі аралдардың, теңіз қолтығындағы түбектердің бұрынғы бейнесін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл экспедицияның жұмысына Кобзардың да үлкен үлес қосқаны анық. Тарас Шевченконың екі жылдық оқиғасын қамтитын бұл күнделігінде оның өміріндегі Қосарал кезеңі бірнеше рет еске алынады.

Т.Г.Шевченконың күнделігіндегі деректер мен мәліметтерді нақтылаған С.Шестериковтің түсініктемесінде ақынның Арал аймағына келуінің жай-жапсары айтылады, ақынның бұл құрамда атқарған міндеті жөнінде баяндалады: «Бүкіл топқа жетекшілік еткен капитан-лейтенант шешімдегі Бутаков Арал теңізін зерттеу және сипаттамасын жасау жұмысымен айналысатын экспедицияға солдат Шевченконы суретші ретінде қабылдады. Шевченконың бұл жорыққа қатысуы Бутаковқа кейіннен жайсыздық әкелді. Ақын 1950 жылы екінші рет айдауға жіберіліп, ауырпалықтың азабын молынан тартты. Өйткені оған патша үкіметі жазу мен сурет салуға мүлде тыйым салған еді. Арал теңізінің сипаттамасын жасағаны үшін Бутаков Берлин гидрографикалық ғылыми қоғамының құрметті мүшесі болып сайланды. Соңына көптеген арнаулы еңбектер қалдырып, контр-адмирал шенін иеленген ол 1869 жылы қайтыс болды».

Ақынның күнделігіндегі фактілерге орай берілген түсіндірмелерге жүгінсек, кейінірек экспедиция басшысы капитан-лейтенат А.И.Бутаков пен корпус командирі Обручевтің жазу мен сурет салуға тиым салынған Шевченконың топқа қосқаны үшін жазаланғаны туралы айтылады. Обручев Петербургтен сөгіс алады. Бутаков та жазасыз қалмайды. Бутаковтың тиісті орындарға берген ресми ақпарында (донесение) «Солдат Шевченко Арал теңізі жағалауындағы және оның маңайындағы көріністерді суретке тарту үшін корпус командирі болып тағайындалды» делінген.

Т.Г.Шевченконың қазақ тілінде бірнеше рет шыққан кітаптарына оның Қосарал елді мекенінде тұрып жазған өлеңдері молынан енгізілді. 1848-1849 жылдары соңына «Қосарал» деп қол қойған мұндай өлеңдерінің қазақ тіліндегі нұсқасы жиырмашақты ғана. Ал Т.Г.Шевченконың өз отанында, Киевте украин тілінде шыққан «Кобзар» деген кітаптан оның «Қосарал» деп қол қойған елуден астам өлеңі жарияланғанын көреміз. Демек, оның өміріндегі Қосарал кезеңі – шығармашылығындағы жемісті кезең. Бұл жөнінде 1961 жылы жарық көрген Тарас Шевченконың қазақ тіліндегі таңдамалы шығармалар жинағына алғы сөз жазған әдебиет сыншысы Қалжан Нұрмаханов былай дейді: «Ақын сол жылдың қысын экспедициямен бірге Қосаралда өткізеді. Аяқ басқан сайын бақылаудан босанған Кобзарь осы қыста творчествоға бүтіндей беріліп, өзінің тамаша өлеңдерін жазады... Оларда ешбір уайымның, ешбір өкініштің ізі де, көлеңкесі де жоқ». Сонымен қатар, Қ.Нұрмаханов Шевченконың қазақ халқының өмірімен айдаудан бұрын да таныс болғаны оның 1847 жылы жазған «Түс» атты поэмасынан байқалатынын айтады.

Тарас Шевченконың жоғарыда аталған күнделігінен Аралдың бір кездегі бет-бейнесі жөнінде толық мәлімет алуға болады. Онда айналдырған екі жыл ішіндегі Қосаралда болған оқиғалардың бәрі мейлінше көрініс тапқан. Бутаковтың экспедициясының барысы түгелдей жазбаға түскен, әрі Шевченконың барлық шығармаларының аяғында мерзімі көрсетілген. Сондықтан бұл мәліметтердің бәрі нақтылығымен ерекшеленеді. Осы тұрғыдан алғанда, күнделіктегі «1848 жылы Арал теңізінде үш ай бойы жүзгеннен кейін Сырдарияның сағасына қыстап шығу үшін қайтып оралдық. Қосарал аралындағы Орал казактары жайлаған фортта біз жағалауға шықтық», – деген жолдардың деректік маңызы зор.

«І стала тьма, і од Уралу, Та до Тингиза, до Аралу» деп жырлаған Тарас Шевченконың Қосарал туралы толғаныстарын ақынның ана тілі – украин тілінде санаға сіңірудің жөні бөлек. Шевченко шығармаларының түпнұсқасы өз оқырманының жүрегіне алдымен жетеді. Оның Қосаралдағы көңіл-күйі өз тілінде былайша бедерленеді:

Мов за подушне, оступили,
Оце мене на чужині
Нудьга і осінь. Боже милий,
Де ж заховатися мені?
Що діяти? Уже й гуляю
По цім Аралу; і пишу.

Қазақ ақындары Т.Г.Шевченконың өлеңдерін сөлі мен мәйегін сақтап, өте көркем аударды. Біздің әдебиетіміздің тұлғалы өкілдері оның шығармаларын таза қазақша сөйлетті. Олар түпнұсқаның бағасын кемітпей, шебер тәржімалағаны соншалық, Кобзарьдың жырлары қазақ ақыны жазғандай болып шықты. Мысалы, қазақ әдебиетінің классигі Әбділда Тәжібаев Тарас өлеңін өте әуезді етіп қазақшалады. Бұл аудармада украин ақынының ішкі әлемі, жан-дүниесі, қайғы-шері айқын көрінеді. Сонымен қатар, ұшы-қиыры жоқ телегей теңіздің, сылаң қаққан Сырдарияның, Шевченкомен бірге мұңайған Қосаралдың бейнесі көз алдыңа келеді:

Жел шатыры желпілдеген!
Көтерілді кең кемеден.
Қоға аралап Сырдарияға
Жылжытты кең толқынменен.
Қош бейшара, Қосаралым!
Болдың ортақ тап екі жыл,
Қарғысыммен, қайғыммен.

Тарастың танымындағы Қосарал өзі секілді мұңлық, өзі секілді жұпыны, өзі секілді қайырымды. Ақын айдынды Аралмен сырласады, оған ішкі күйінішін, қиналысын жеткізеді. Қосаралға бауыр басып қалған ақын кетерде онымен қимай қоштасады. Осы көрініс Шәміл Мұхамеджанов аудармасында өте сәтті шыққан. «Қосарал, қош бол, жұпыны, Қалпыңды сенің ұнаттым. Екі жыл бойы мұңымды, Ұмыт қып, мені жұбаттың».

Ал Ғафу Қайырбеков аударған мына бір өлеңді Тарас Шевченконың «Қосаралдағы айлы түн» картинасының жырмен бейнеленген нұсқасы деуге болар. Аспан мен жер, дала мен теңіз, күн мен түн, бұлт пен ай ымырт үйірілген алагеуім шақтағы уақыт пен кеңістіктің арпалысқа түсіп жатқаны секілді әсер қалдырады.

Күн көзінде бұлттар жүзіп барады,
Қызғылт күрең бояу жапты даланы.
Ұйықтауға шақырғандай бейне бір,
Теңіз күнді құшағына алады.
Сүңгіген күн жасыл теңіз қойнына,
Елестетер құндақтағы баланы.

Бейнелеу өнерінің туындысын сан түрлі бояумен әспеттеп, өлмейтін, өшпейтін құндылықтар қалдырған Тарас Шевченко сөзбен де сурет салады. Сөздің бар бояуын қолданып, табиғатқа жан бітіреді. Көркем пейзаждың шебері табиғаттың әсем көрінісін ақ қағаздың бетіне көшіреді. Содан соң өлеңіне өзінің көңіл-күйін дарытады. Тарғыл аспанды, жуас толқынды, сұлаған өзенді, бұққан қамысты қозғалысқа келтіреді. Кең далада жүрсе де, еркіндік жетпей тынысы тарылады. Айдынын керіп, алаңсыз жатқан теңізге келіп, мұңын айтып шағынады. Тарастың сол сәттегі көңіл әуенін қапысыз ұққан қазақ поэзиясының алыбы Әбділда Тәжібаев осы көріністі аударма түрінде көркемдеп бейнелейді. Бұл өлең де Әбділданың шеберлігінің арқасында қазақ ішіне аударма екені білінбей, қазақша жазылғандай болып жетті:

Аспан тарғыл, толқын жуас,
Жатыр өзен сұлаған.
Желсіз қамыс бұғып басын,
Бейне мастай құлаған.
Тәңірім не көп жатам ба,
Кең түрмеде далада.
Аралында соры теңіз,
Өтіп өмірім қалам ба?

Осындай көркем аударманың мәтрлері арқасында қазақ даласының өз Тарасы болды. Ол таза қазақша сөйледі, қазақтың жанына үңілді, қазақтың ұлттық ой-санасының дамуына да үлес қосты. Тұтас бір дәуірдегі мектеп оқушылары Кобзарьдың өлеңдерін жатқа оқыды, оның өмірбаянын өнеге тұтты. Әрине, қазір заман өзгерді, ұрпақ ауысты, жаңа құндылықтар пайда болды. Бірақ Тарас Шевченко қазақ жеріне, қазақ тағдырына қатысы бар тұлға ретінде бағалана бермек.

Бұл кезең айдынды Аралдың шерлі шежіресінде және көне Қаратереңнің толғаулы тарихында «Тарас келген...» деген атпен қалатын шығар...

**Бауыржан ОМАРҰЛЫ.**

СЫРЛЫ ӨНЕР

# Аудан әкімі қолөнершілерді қабылдады

**Түпқараған ауданының әкімі Ержан Күмісқалиев «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында кәсіп бастап отырған кәсіпкерлермен кездесті, деп хабарлайды Түпқараған ауданы әкімінің баспасөз қызметі.**



Көрмеде қолөнершілер экологиялық таза қой мен түйе жүнінен өнім даярланған және өзге де жұмыстарын көрсетіп, аудан басшысына ұсыныстарын айтты.

Аудан әкімі оларды қолдайтынын айтып, арнайы ғимарат ұсынды.

- Ауданымыздың кәсіпкерлерін қолдаймыз. Соның ішінде қолөнер бұйымдары өте ерекше. Сіздердің кәсіптеріңізді одан әрі дамыту үшін арнайы ғимарат әзірлеп және мемлекеттік бағдарлама арқылы еңбекақы төлеу мәселесін де қарастырамыз. Өнімдеріңізді сауда орындарының сөрелеріне қойып, тұрғындарға қолжетімді бағада ұсынсаңыздар жақсы нәтиже болады, - деп атап өтті аудан басшысы.

Сонымен бірге қажетті құрылғыларды алуға да көмек берілетінін атап өтті.

АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕ

# ҚҰРТ АУРУЫ ҚАУІПТІ

**Туберкулезді жеңу – бұл тек физикалық күш емес, сондай-ақ қоғамның бірігуі мен жауапкершілігінің нәтижесі.**



**Туберкулез туралы не білуміз қажет?**

Туберкулез – бұл жұқпалы ауру, көбінесе өкпені зақымдайды, бірақ басқа органдарға да таралуы мүмкін. Оның негізгі қоздырғышы Mycobacterium tuberculosis деген бактерия.

Туберкулездің бір ерекшелігі – ол ұзақ уақыт бойы адам ағзасында симптомсыз болуы мүмкін, бірақ ақырында ауру белгілері пайда болып, адамды әлсіретеді.

Ауру негізінен ауамен таралады, яғни туберкулезбен ауыратын адам жөтелгенде немесе түшкіргенде бактериялар ауаға шығып, сау адамдарға жұғуы мүмкін. Сол себепті аурудың алдын алу үшін туберкулезбен ауыратын адамдардың қоғамнан оқшаулануы, сақтық шараларын қолдануы қажет.

Туберкулездің басты белгілері – ұзақ уақытқа созылған жөтел, кеуде ауруы, жоғары температура, салмақ жоғалту, түнде терлеу. Бұл белгілердің бәрі бірден білінбеуі мүмкін, бірақ уақыт өте келе денсаулықтың нашарлауы байқалады. Егер осындай белгілер байқалса, міндетті түрде дәрігерге көрінуі қажет.

Туберкулезді емдеу үшін бірнеше ай бойы арнайы антибиотиктер қабылдау керек. Бұл емдеу ұзақ әрі қиын, бірақ дұрыс емделсе, ауру толық жазылуы мүмкін. Дегенмен, антибиотиктерді уақытында тоқтату немесе дұрыс қолданбау бактериялардың дәріге төзімді болуына әкелуі мүмкін, бұл емдеуді одан әрі күрделендіреді.

Туберкулездің алдын алу үшін ең тиімді әдіс – вакцинация. БЦЖ вакцинасы балаларға егіледі және бұл вакцинаның туберкулезге қарсы қорғаныс әсері бар. Сондай-ақ, туберкулезбен ауыратын адамдарды ерте анықтап, оларды дұрыс емдеу арқылы аурудың таралуын тежеуге болады. Туберкулез жұқтырған адамдар қоғамдық орындарда сақтық шараларын сақтау қажет: маска кию, жеке гигиенаны сақтау, медициналық көмек алу.

Туберкулезді ерте анықтау және емдеу өте маңызды. Бұл аурудың қоғамда таралуын болдырмауға көмектеседі. Қазіргі уақытта туберкулез көп жағдайда емделетін ауру болса да, дәріге төзімді түрлері бар, сондықтан оны дер кезінде емдеп және алдын алу қажет.

**Нұркен БЕГЕНДИК,**
**аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бөлім басшысы.**

ЖАСТАРҒА БАҒЫТ

# СТУДЕНТТЕР ҚАРАЖАНБАС КЕНОРНЫНДА ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТУДЕ

**«Қаражанбасмұнай» АҚ-ның (ҚБМ) өңірдегі оқу ордаларымен ынтымақтастық туралы меморандумы аясында биыл студенттердің тағы бір легі кен орнында тәжірибеден өтеді.**



Өндіріске аттанатын білім алушыларға ҚБМ бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ренат Қаражанов тәжірибеге бағытталған оқыту жобасының маңыздылығын түсіндіріп, сәттілік тіледі.

Былтырдан бері Yessenov университеті мен колледжі, Маңғыстау энергетикалық колледжі және Түпқараған гуманитарлық-кәсіптік колледжінің 2,3,4 курсында оқитын 17 студент Қаражанбас кен орнында тәжірибеден өтіп жатыр. Енді олардың қатарын аталмыш оқу орындарының 13 студент толықтырады. Тәжірибеден өтушілер алдымен қауіпсіздік техникасымен танысып, өндіріске аса қажетті мамандықтар бойынша бірнеше бағытқа бөлінеді. ҚБМ-ның білікті мамандары студенттерге жетекшілік етіп, мұнай игерудің қыр-сырын толық үйретеді.

ҚБМ жастардың білім алуы мен мықты кадр болып қалыптасуына ұдайы қолдау білдіріп келеді. Соңғы бес жыл ішінде облыстағы оқу орындарының 120-ға жуық студенті тәжірибеге бағытталған оқыту жобасының шарапатын көрді. Жоба олардың алған білімін тәжірибеде қолдануға зор мүмкіндік болып отыр.

# ОҚУШЫЛАР АВИАЦИЯЛЫҚ БАЗАДА

**Сайын Шапағатов ауылдық округіндегі орналасқан Сайын Шапағатов мектеп гимназиясының 9-11 сынып оқушылары авиациялық база 30153 әскери бөліміне экскурсияға барды.**



Оқушылар Ми-35 м, СУ-27 және Бинлонг-БПЛ әуе қорғаныс күштерінің техникаларымен танысты.

Аталған шара жастардың бойында патриоттық сезімді ұялатып, азаматтық белсенділікті арттыруға бағытталды.

Экскурсия барысында оқушылар әскери бөлімдер базасымен, оның құрылымымен танысып, қызметкерлермен сұхбаттасты. Естелік суретке түсіп, сұрақтарына жауап алды.



Меншік иесі:
MAŃGYSTAÝ MEDIA
Директор
Гүлмира ӘБІШЕВА
Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

Ақкетік арайы
аудандық қоғамдық-саяси газет
Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 ж. тіркеліп, №13362-Г куәлігі берілген.
Редактор – Милана ЕЛЕУСІНОВА
Тілші – Ринат ТЕМІРХАНОВ

Газет «Маңғыстау - Медиа» ЖШС ақпарат және дизайн орталығында беттелді
Беттеуші дизайнер – А.РАБАЕВА.
«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. 060005, Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
Тел: 8 7122 458-660, 586-392.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді. Редакцияға жолданған материалдарға
- рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады

Таралымы: 420. Индекс: 65809.
Тапсырыс нөмірі: 0160
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

| | | |
|---|---|---|
| 11 АҚПАН | түнде: -2 | күндіз: +1 |
| 12 АҚПАН | түнде: -1 | күндіз: +1 |
| 13 АҚПАН | түнде: -1 | күндіз: 0 |
| 14 АҚПАН | түнде: -1 | күндіз: +1 |
| 15 АҚПАН | түнде:-1 | күндіз: +1 |

Редакцияның мекен-жайы: Форт-Шевченко қаласы, Н.Оңғалбайұлы көшесі 2, кіші әкімдік ғимараты. Тел/факс: 8(72938) 2-25-96, e-mail: akketikaraii@mail.ru

CMYK

**ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК ПРОДАКШН СТУДИЯ «TIADA»**
13000 Қазақстан Республикасы, Ақтау қ.,
2 шағын аудан, «Сұңқар» БО, 405 кеңсе
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
**tiada.kz@mail.ru**

**ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ ПРОДАКШН СТУДИЯ «TIADA»**
13000 Республика Казахстан, г Актау,
2 микрорайон, БЦ «Сункар» 405 офис
БИН 100140012077,
тел 8 (7292) 600 555
**tiada.kz@mail.ru**

исх. №008
от 11.02.2025 г

**ЭФИРНАЯ СПРАВКА**

Настоящим, ТОО «Продакшн студия «TIADA» подтверждает, что 11 февраля 2025 года состоится размещение информационного материала на государственном и русском языках в эфире телеканала **"ASTANA TV"** г. Актау и Мангистауской области в рубрике **«БЕГУЩАЯ СТРОКА»** следующего содержания:

«АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС «Жангурши кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою» жобасына ҚОҚБ және табиғатты қорғау іс шараларының жоспарыбойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.Қоғамдық тыңдау 2025 жылы 18 наурызда сағат 10:00-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Таушық ауылы, әкімдік ғимараты.
Онлайн қосылымға сілтеме:
https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=87487941729
Конференция идентификаторы 270 316 8932. Кіру коды: 96c0iG
Тапсырыс беруші: «АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС, БСН 000740003881, Ақтау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел.: 87711060688.
Жобаны әзірлеуші: «Gals» ЖШС, Ақтау қ., 4 ш/а, 42 ғимарат, 3 этаж тел: 87789166528.
Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: 8(7292) 43-10-88; Жобалық құжаттама БЭП https://ecoportal.kz сайтында орналастырылған.

ТОО «АКТАУ-ТРАНЗИТ» объявляет, что проводит общественные слушания по РООС к «Проекту ликвидации последствии недропользования на м/р Жангурши» и ППМ. Слушания состоятся: 18 марта 2025 года в 10:00 ч. Место проведения: Мангистауская область, село Таушык, в здании акимата.
Ссылка на онлайн подключение:
https://us05web.zoom.us/j/2703168932?pwd=OTVCTmhlb1gyVklwWlFBaXN6NzRLZz09&omn=87487941729
Идентификатор конференции 270 316 8932. Код доступа: 96c0iG
Заказчик: ТОО «АКТАУ-ТРАНЗИТ», БИН: 000740003881, г.Актау, 4 мкр, 42 здание, 3 этаж, тел.: 87711060688.
Разработчики проектов: ТОО «Gals» , г.Актау, 5 мкр, 8 дом, офис 110, тел: 87789166528.
Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природ¬ных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. 8 (7292) 43-10-88; Документация по проекту размещена на сайте ЕЭП https://ecoportal.kz.

Директор ТОО «Продакшн студия «TIADA» Тилеуов Р.К.

# «АКТАУ-ТРАНЗИТ» ЖШС

## «Жангурши кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою» жобасына ҚОҚБ және Табиғатты қорғау іс шараларының жоспары

# КЕН ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Жангурши кен орны әкімшілік бөлінісі бойынша Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы Түбқараған ауданының аумағына жатады.

Ең жақын елді мекендер: Форт-Шевченко қаласының аудан орталығы - батысқа қарай 55 шақырым және Таушық ауылы - шығысқа қарай 30 шақырым (сурет.1).

Жангурши кен орны географиялық жағынан Түбқараған түбегінің орталық бөлігінде орналасқан, ол батысында, оңтүстігінде және солтүстігінде Каспий теңізінің суларымен жуылады, шығысында Маңғышлақ тау жүйесіне іргелес.




**1.1-Сурет-Жұмыс ауданының шолу картасы**

# ЖОСПАРЛАНҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

**Жангурши кен орнында геологиялық бөлу шегіндегі өндірістік объектілердің жалпы сипаттамасы**

01.10.2024 ж. жағдай бойынша геологиялық бөлу шегінде Жангурши кен орнында барлығы 3 ұңғыма бұрғыланды, оның ішінде геологиялық себептер бойынша барлық 3 іздестіру-барлау ұңғымалары (9,58 және 59) жойылды.

| №№ | **Ұңғымалар нөмерлері** | Санат | тереңдігі (нақты),м | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 9 | іздеу | 620 | Жойылды |
| 2 | 58 | барлау | 580 | Жойылды |
| 3 | 59 | барлау | 816 | Жойылды |

***Ұңғымалардағы көлемі бойынша жұмыстарды жүргізу оқшаулау-жою:***

- Ұңғыманы тесуге және сынауға арналған барлық қажетті жабдықтары бар сервистік станокты монтаждау (дроссельдеу блогы, сепаратор, ұңғыма өнімін жинауға арналған сыйымдылықтар, манифольд желісі және алауға дейінгі желі). Жұмыс басталар алдында жерүсті жабдығының жұмысқа қабілеттілігін тексеру;
- Ұңғымадағы ерітіндінің көлемін, материалдар мен химиялық реагенттердің қорын есепке алмай, кептіру ерітіндісінің қорынан (ұңғыманың екі көлемінен кем емес) қамтамасыз ету;
- Ұңғыманы кептелу, сұйықтықты айдау және тікелей немесе кері айналдыру арқылы кептелу, 1 сағат күту;
- Ұңғыманың қауіпсіздігіне көз жеткізу үшін көрсеткіштерді алу және сағалық қысым мәндерін жазу;
- Субұрқақ арматурасының жоғарғы бөлігін бөлшектеу және шығарындыларға қарсы жабдықты монтаждау.
- Сорғы-компрессорлық құбырларды көтеру. Көтеру кезінде ұңғымаға тұрақты толтыру жүргізіледі;
- Әрбір құбырды өңдеумен келесі цемент көпірінің тереңдігіне дейін түсуді жалғастыру;
- Бұрғылау макетін көтеру. Көтеру кезінде ұңғымаға тұрақты толтыру жүргізіледі;
- Бірінші құбырдағы "шұңқыры" бар сорғы-компрессорлық құбырларды кенжарға дейін түсіру;
- Ұңғыманы жуу. Нұсқаулық жасау. Цементтеу басы мен сызықтарын бұру. Престеу жүргізу;
- Цементтеу бағдарламасына сәйкес цемент көпірін орнату;
- Құралды көтеріп цементті кесу үшін жуу;
- Мұздатудан қорғау үшін ұңғыманың жоғарғы бөлігін 0-5 м тереңдікте мұздатпайтын сұйықтықпен (мұнай немесе дизель отыны)толтырыңыз;
- Шығарындыларға қарсы жабдықты, баған басын бөлшектеу. 3 құбырдағы ұңғымаға ағаш тығынды 2 м тереңдікке түсіріп, аузына дейін цемент құйыу;
- Ұңғыманың аузына бетон шкаф пен тіреуіш орнату. Реперде электр Дәнекерлеумен: ұңғыманың нөмірі, ауданы, жер қойнауын пайдаланушының атауы, ұңғыманы бұрғылаған ұйым, бұрғылаудың басталу және аяқталу күні, жою күні деген жазу жасалады;
- Аумақты қоқыстардан тазалау, алаңды және ұңғыманың аузын жоспарлау;
- Оқшаулау-жою көпірлерін орнатуға актілерін және ұңғыманы жою актісін жасау.

## АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ

**Атмосфераға ластаушы заттардың шығарылу көздерінің барлығы 12 бірлігі анықталды, оның ішінде:**

**Ұйымдастырылған – 5 бірлік:**

- **№ 0101 Дереккөз- Teksan TJ-509TA Дизель генераторы;**
- **№ 0102 Дереккөз- АР-32/40 Қондырғысы;**
- **№ 0103 Дереккөз- Дизель отынына арналған сыйымдылық;**
- **№ 0104 Дереккөз- Май ыдысы;**
- **№0201Дереккөз- Дәнекерлеу қондырғысының ішкі жану қозғалтқышы.**

**Ұйымдастырылмаған – 7 бірлік:**

- **№ 6101 Дереккөз- Газ кесу;**
- **№ 6102 Дереккөз- Тегістеуіш;**
- **№ 6103 Дереккөз- Цемент ерітіндісін дайындау түйіні;**
- **№ 6104 Дереккөз- Дәнекерлеу жұмыстары;**
- **№ 6105 Дереккөз- Арнайы техниканың қозғалысы кезінде шаңдану;**
- **№6106 Дереккөз- Бояу жұмыстары;**
- **№6201 Дереккөз- Дәнекерлеу жұмыстары.**

**Ұңғымаларды жою кезеңінде ластаушы заттар шығарындыларының көлемі – 3,89840379 г/с немесе 8,69819093 т/кезеңді құрайды.**

# СУДЫҢ КҮЙІНЕ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ

## Су тұтыну және су бұру балансы

| Тұтынушылардың атауы | Саны, адам | Су шығын нормасы, бір | Су тұтыну | | Су бұру | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | м3/тәулік | м3/жыл | м3/тәулік | м3/жыл |
| ішу қажеттіліктері | 6 адам | 0,002 м3/адам. | 0,012 | 0,252 | 0,012 | 0,252 |
| шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер | 6 адам | 0,025 м3/адам. | 0,15 | 3,15 | 0,15 | 3,15 |
| душ торы (торлар саны) | 1 | 0,1 м3/тәулік. | 0,1 | 2,1 | 0,1 | 2,1 |
| асхана (тағамдар саны) | 3 | 0,012 | 0,036 | 0,756 | 0,036 | 0,756 |
| кір жуу (кір мөлшері) | 0,5 кг | 0,04 м3/1 кг құрғақ киім | 0,02 | 0,42 | 0,02 | 0,42 |
| Барлығы | | | 0,318 | 6,68 | 0,318 | 6,68 |
| күтпеген шығындар 5% | | | 0,0159 | 0,3339 | 0,0159 | 0,3339 |
| Барлығы: | | | 0,3339 | 7,01 | 0,3339 | 7,01 |

# Жою кезеңінде түзілетін қалдықтардың жинақталу лимиті

| Қалдықтардың атауы | Қолданыстағы жағдайға жинақталған қалдықтардың көлемі тонна/жыл | Жинақтау лимиті, тонна / жыл |
|---|---|---|
| **1** | 2 | 3 |
| **Барлығы:** | | 3,629979 |
| **оның ішінде өндіріс қалдықтары** | | 3,5385 |
| **тұтыну қалдықтарын** | | 0,091479 |
| **Қауіпті қалдықтар** | | |
| **Майланған шүберек** | | 0,127 |
| **Пайдаланылған контейнерлер** | | 0,207 |
| **Пайдаланылған майлар** | | 0,34 |
| **Қауіпті емес қалдықтар** | | |
| **Металл сынықтары** | | 0,01 |
| **Дәнекерлеу электродтары** | | 0,0045 |
| **Құрылыс қалдықтары** | | 2,85 |
| **Қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ)** | | 0,091479 |

**Барлық қалдықтар жинақталуына қарай одан әрі қайта өңдеуге лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға беріледі**

## Атмосфераға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларға мыналар жатады:

- Жұмыс өндіру технологиясының дәл сақталуын бақылау;
- барлық технологиялық параметрлерді қатаң сақтау;
- жабдықтың герметикалығын тұрақты бақылауды жүзеге асыру;
- технологиялық процестің барысын тұрақты бақылауды жүзеге асыру;
- қызметкерлерді төтенше жағдайларға ден қоюға үйрету;
- өртке қарсы қауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтау;
- атмосфераға ең аз шығарындылары бар заманауи жабдықты пайдалану;
- жабдықтың беріктігі мен герметикалығын қамтамасыз ету;
- технологиялық жабдықтарды жоспарлы-алдын алу жөндеулерін және профилактикасын уақтылы жүргізу.

Зиянды заттардың таралуын есептеу талдауы СҚА шекарасындағы барлық ингредиенттер бойынша жер бетіндегі концентрациялар атмосфералық ауа сапасының критерийлерінен аспайтынын көрсетті.

## Қоршаған ортаның қалдықтармен ластануын болдырмау жөніндегі іс-шаралар

Кәсіпорынды пайдалану процесінде пайда болатын өндіріс және тұтыну қалдықтары арнайы бөлінген уақытша сақтау орындарында (тығыз жабық контейнерлерде) жинақталады.

Қауіпті физика-химиялық қасиеттері бар қалдықтар үшін кәсіпорын аумағында қалдықтардың қауіпсіз айналымын бақылау көзделген.

Қоршаған ортаның қатты қалдықтармен ластануын болдырмау үшін Қазақстан Республикасында нормативтік талаптарға сәйкес мынадай іс-шаралар жоспарланған:

- арнайы сыйымдылықтарда және арнайы жабдықталған алаңдарда уыттылығы бойынша сұрыптай отырып, промотходарды түгендеу, жинау;
- жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бақылау;

# Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары

**Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары:**

- Жұмыстарды жүргізу аумағында шаңды басу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- Жер қойнауының жай-күйіне Мониторинг жүргізу;
- Техникалық және ауыз су шығыны нормаларының сақталуына бақылау жүргізу;
- Өндіріс және тұтыну қалдықтарын одан әрі кәдеге жарату/қайта өңдеу үшін кен орнынан шығару.

# Назарларыңызға рақмет!

Баяндама

**1 Слайд**

Қайырлы күн құрметті қоғамдық тыңдауға қатысушылар, сіздердің назарларыңызға **«Жангурши кен орнында жер қойнауын пайдалану салдарын жою» жобасына ҚОҚБ және Табиғатты қорғау іс шараларының жоспары** тақырыбында баяндама ұсынылады

**2 Слайд**

**КЕН ОРНЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР**

Жангурши кен орны әкімшілік бөлінісі бойынша Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы Түбқараған ауданының аумағына жатады.

Ең жақын елді мекендер: Форт-Шевченко қаласының аудан орталығы - батысқа қарай 55 шақырым және Таушық ауылы - шығысқа қарай 30 шақырым (сурет.1).

Жангурши кен орны географиялық жағынан Түбқараған түбегінің орталық бөлігінде орналасқан, ол батысында, оңтүстігінде және солтүстігінде Каспий теңізінің суларымен жуылады, шығысында Маңғышлақ тау жүйесіне іргелес.

**3 Слайд**

**1.1-Сурет-Жұмыс ауданының шолу картасы көрсетілген**

**4 Слайд**

**ЖОСПАРЛАНҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ**

**Жангурши кен орнында геологиялық бөлу шегіндегі өндірістік объектілердің жалпы сипаттамасы**

01.10.2024 ж. жағдай бойынша геологиялық бөлу шегінде Жангурши кен орнында барлығы 3 ұңғыма бұрғыланды, оның ішінде геологиялық себептер бойынша барлық 3 іздестіру-барлау ұңғымалары (9,58 және 59) жойылды.

| №№ | **Ұңғымалар нөмерлері** | Санат | тереңдігі (нақты),м | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 9 | іздеу | 620 | Жойылды |
| 2 | 58 | барлау | 580 | Жойылды |
| 3 | 59 | барлау | 816 | Жойылды |

**5 Слайд**

***Ұңғымалардағы көлемі бойынша жұмыстарды жүргізу оқшаулау-жою:***

- Ұңғыманы тесуге және сынауға арналған барлық қажетті жабдықтары бар сервистік станокты монтаждау (дроссельдеу блогы, сепаратор, ұңғыма өнімін жинауға арналған сыйымдылықтар, манифольд желісі және алауға дейінгі желі). Жұмыс басталар алдында жерүсті жабдығының жұмысқа қабілеттілігін тексеру;
- Ұңғымадағы ерітіндінің көлемін, материалдар мен химиялық реагенттердің қорын есепке алмай, кептіру ерітіндісінің қорынан (ұңғыманың екі көлемінен кем емес) қамтамасыз ету;
- Ұңғыманы кептелу, сұйықтықты айдау және тікелей немесе кері айналдыру арқылы кептелу, 1 сағат күту;
- Ұңғыманың қауіпсіздігіне көз жеткізу үшін көрсеткіштерді алу және сағалық қысым мәндерін жазу;
- Субұрқақ арматурасының жоғарғы бөлігін бөлшектеу және шығарындыларға қарсы жабдықты монтаждау.
- Сорғы-компрессорлық құбырларды көтеру. Көтеру кезінде ұңғымаға тұрақты толтыру жүргізіледі;
- Әрбір құбырды өңдеумен келесі цемент көпірінің тереңдігіне дейін түсуді жалғастыру;
- Бұрғылау макетін көтеру. Көтеру кезінде ұңғымаға тұрақты толтыру жүргізіледі;
- Бірінші құбырдағы "шұңқыры" бар сорғы-компрессорлық құбырларды кенжарға дейін түсіру;
- Ұңғыманы жуу. Нұсқаулық жасау. Цементтеу басы мен сызықтарын бұру. Престеу жүргізу;
- Цементтеу бағдарламасына сәйкес цемент көпірін орнату;
- Құралды көтеріп цементті кесу үшін жуу;
- Мұздатудан қорғау үшін ұңғыманың жоғарғы бөлігін 0-5 м тереңдікте мұздатпайтын сұйықтықпен (мұнай немесе дизель отыны)толтырыңыз;

- Шығарындыларға қарсы жабдықты, баған басын бөлшектеу. 3 құбырдағы ұңғымаға ағаш тығынды 2 м тереңдікке түсіріп, аузына дейін цемент құйыу;
- Ұңғыманың аузына бетон шкаф пен тіреуіш орнату. Реперде электр Дәнекерлеумен: ұңғыманың нөмірі, ауданы, жер қойнауын пайдаланушының атауы, ұңғыманы бұрғылаған ұйым, бұрғылаудың басталу және аяқталу күні, жою күні деген жазу жасалады;
- Аумақты қоқыстардан тазалау, аланды және ұңғыманың аузын жоспарлау;

Оқшаулау-жою көпірлерін орнатуға актілерін және ұңғыманы жою актісін жасау.

**6 Слайд**

**АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ**

**Атмосфераға ластаушы заттардың шығарылу көздерінің барлығы 12 бірлігі анықталды, оның ішінде:**

**Ұйымдастырылған – 5 бірлік:**

- **№ 0101 Дереккөз- Teksan TJ-509TA Дизель генераторы;**
- **№ 0102 Дереккөз- АР-32/40 Қондырғысы;**
- **№ 0103 Дереккөз- Дизель отынына арналған сыйымдылық;**
- **№ 0104 Дереккөз- Май ыдысы;**
- **№0201Дереккөз- Дәнекерлеу қондырғысының ішкі жану қозғалтқышы.**

**Ұйымдастырылмаған – 7 бірлік:**

- **№ 6101 Дереккөз- Газ кесу;**
- **№ 6102 Дереккөз- Тегістеуіш;**
- **№ 6103 Дереккөз- Цемент ерітіндісін дайындау түйіні;**
- **№ 6104 Дереккөз- Дәнекерлеу жұмыстары;**
- **№ 6105 Дереккөз- Арнайы техниканың қозғалысы кезінде шаңдану;**
- **№6106 Дереккөз- Бояу жұмыстары;**

**№6201 Дереккөз- Дәнекерлеу жұмыстары.**

**Ұңғымаларды жою кезеңінде ластаушы заттар шығарындыларының көлемі – 3,89840379 г/с немесе 8,69819093 т/кезеңді құрайды.**

**7 Слайд**

**СУДЫҢ КҮЙІНЕ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ**

**Су тұтыну және су бұру балансы**

| **Тұтынушылардың атауы** | **Саны, адам** | **Су шығын нормасы, бір** | **Су тұтыну** | | **Су бұру** | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | м3/тәулік | м3/жыл | м3/тәулік | м3/жыл |
| **ішу қажеттіліктері** | 6 адам | 0,002 м3/адам. | 0,012 | 0,252 | 0,012 | 0,252 |
| **шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер** | 6 адам | 0,025 м3/адам. | 0,15 | 3,15 | 0,15 | 3,15 |
| **душ торы (торлар саны)** | 1 | 0,1 м3/тәулік. | 0,1 | 2,1 | 0,1 | 2,1 |
| **асхана (тағамдар саны)** | 3 | 0,012 | 0,036 | 0,756 | 0,036 | 0,756 |
| **кір жуу (кір мөлшері)** | 0,5 кг | 0,04 м3/1 кг құрғақ киім | 0,02 | 0,42 | 0,02 | 0,42 |
| **Барлығы** | | | 0,318 | 6,68 | 0,318 | 6,68 |
| **күтпеген шығындар 5%** | | | 0,0159 | 0,3339 | 0,0159 | 0,3339 |
| **Барлығы:** | | | 0,3339 | 7,01 | 0,3339 | 7,01 |

**8 Слайд**

**Жою кезеңінде түзілетін қалдықтардың жинақталу лимиті**

| **Қалдықтардың атауы** | **Қолданыстағы жағдайға жинақталған қалдықтардың көлемі тонна/жыл** | **Жинақтау лимиті, тонна / жыл** |
|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| **Барлығы:** | | 3,629979 |
| **оның ішінде өндіріс қалдықтары** | | 3,5385 |
| **тұтыну қалдықтарын** | | 0,091479 |
| **Қауіпті қалдықтар** | | |
| **Майланған шүберек** | | 0,127 |
| **Пайдаланылған контейнерлер** | | 0,207 |
| **Пайдаланылған майлар** | | 0,34 |
| **Қауіпті емес қалдықтар** | | |
| **Металл сынықтары** | | 0,01 |
| **Дәнекерлеу электродтары** | | 0,0045 |
| **Құрылыс қалдықтары** | | 2,85 |
| **Қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ)** | | 0,091479 |

**Барлық қалдықтар жинақталуына қарай одан әрі қайта өңдеуге лицензиясы бар мамандандырылған ұйымдарға беріледі**

**9 Слайд**

**Атмосфераға шығарындыларды азайту жөніндегі іс-шараларға мыналар жатады:**

- ✓ **Жұмыс өндіру технологиясының дәл сақталуын бақылау;**
- ✓ **барлық технологиялық параметрлерді қатаң сақтау;**
- ✓ **жабдықтың герметикалығын тұрақты бақылауды жүзеге асыру;**
- ✓ **технологиялық процестің барысын тұрақты бақылауды жүзеге асыру;**
- ✓ **қызметкерлерді төтенше жағдайларға ден қоюға үйрету;**
- ✓ **өртке қарсы қауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтау;**
- ✓ **атмосфераға ең аз шығарындылары бар заманауи жабдықты пайдалану;**
- ✓ **жабдықтың беріктігі мен герметикалығын қамтамасыз ету;**
- ✓ **технологиялық жабдықтарды жоспарлы-алдын алу жөндеулерін және профилактикасын уақтылы жүргізу.**

**Зиянды заттардың таралуын есептеу талдауы СҚА шекарасындағы барлық ингредиенттер бойынша жер бетіндегі концентрациялар атмосфералық ауа сапасының критерийлерінен аспайтынын көрсетті.**

**Қоршаған ортаның қалдықтармен ластануын болдырмау жөніндегі іс-шаралар**

**Кәсіпорынды пайдалану процесінде пайда болатын өндіріс және тұтыну қалдықтары арнайы бөлінген уақытша сақтау орындарында (тығыз жабық контейнерлерде) жинақталады.**

**Қауіпті физика-химиялық қасиеттері бар қалдықтар үшін кәсіпорын аумағында қалдықтардың қауіпсіз айналымын бақылау көзделген.**

**Қоршаған ортаның қатты қалдықтармен ластануын болдырмау үшін Қазақстан Республикасында нормативтік талаптарға сәйкес мынадай іс-шаралар жоспарланған:**

- ✓ **арнайы сыйымдылықтарда және арнайы жабдықталған алаңдарда уыттылығы бойынша сұрыптай отырып, промотходарды түгендеу, жинау;**
- ✓ **жоспарланған іс-шаралардың орындалуын бақылау;**

**10 Слайд**

**Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары**

**Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары:**

- ➢ Жұмыстарды жүргізу аумағында шаңды басу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- ➢ Жер қойнауының жай-күйіне Мониторинг жүргізу;
- ➢ Техникалық және ауыз су шығыны нормаларының сақталуына бақылау жүргізу;
- ➢ Өндіріс және тұтыну қалдықтарын одан әрі кәдеге жарату/қайта өңдеу үшін кен орнынан шығару.